

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті

Факультет: Экономика, Басқару және құқық

Мамандық: Халықаралық қатынастар және Дипломатия



# БӨЖ

Тақырып: Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы

Орындаған: Затыбекқызы.Н

Қабылдаған: Бейсенов.А

ТҮРКІСТАН 2023

# КІРІСПЕ

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

1. Қожа Ахмет Яссауидың өмір баяны.
2. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы
3. Қожа Ахмет Яссауидың «Ақыл кітабы»

III Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

## КІРІСПЕ

Туылмай тұрып қайда едік? Өлген соң қайда барамыз? Болмыс қалай бар болған? Болмысты бар еткен жаратушы бар ма осы? Бар болса, Жаратушы мен болмыс арасында нендей байланыстар бар? Жаратқан Құдірет болмысты жаратқан соң қайда кетті? Әлде тастап кетті ме? Әйтпесе әрдайым бақылап отыр ма? Зат дегеніміз не? Материалды емес нәрселердің мәні не? Идеялар, ойлар қайдан шығады? Сезім, сүю, күй, ашулану, жек көру, кешіру, кек алу бұлардың барлығы қайдан келеді? Міне бұлар адам баласын мазалап келген мәселелер. Осы сияқты сұрақтарға жауап іздеу кейбір ақылдылардың машығына айналған. Олар өздерінен бұрынғы ойшылдардың айтқандарын електен өткізіп, Көкірек көзін ашып, жауап іздей бастайды. Міне фәлсәфаның да, сопылықтың да шығу себебі мен бастауы осылай қалыптасқан. Болмыс туралы мәліметті кітабы бар діндердің бірінен алып, ілімдеріңізді санаңызға ұялатып, жаныңыз жай табуы ықтимал. Әрине иманға келген соң сіз үшін сұрақ қою, жауап іздеудің керегі де болмауы мүмкін. Жаратқан иемізді, абсолюттік болмысты ғарыштың бір жерлерінде, періштелермен жайғасқан өте қуатты көру, сезу, есту қабілетіне ие ежелден бері бар болған, ешқашан жоқ болмайтын, барлық құпияларды білетін бұл фәниге оқтын-оқтын елші- пайғамбарлар жіберіп, адамзат үшін қағидалы заңдар жүйесін ұсынған періштелері арқылы адамзат баласын қадағалайтын бір періштелер арқылы адамзат баласын тәңір ретінде ұғып, осы иманыңызбен жаныңыз жай табуы мүмкін. Бірақ біреулердің дұрыс түсініп түсінбеуіне де ренжуге болмайды. Өйткені, ұлы жаратушы ойлау қабілетін әр түрлі жаратқан. Жоғары ойлау қабілетіне, санасына ие адамдар пайғамбарлардың келген жолдарына қайран қалып, оларға қызығушылықпен қарайды. Өздерінің кім екендіктерін білгілері келеді. Терең ойға батып, қиялдарға беріледі. Идеялардың түп негізіне жетіп, ойлаудың да шарасынан асып, ақылдың тұтастығына ұмтылады. Осы жолда ілім дамытып, зерттеп, біз біле бермейтін ақиқаттарға ұласып, ерендердің қатарына қосылады. Міне, сопылық деп осыны айтады.

## Қожа Ахмет Ясауи өмірбаяны

Аты мұсылман әлеміне әйгілі, сопылық әдебиеттің ірі өкілі, кемеңгер, ойшыл ақын Қожа Ахмет Ясауи (1103-1228) артына мән-маңызы өшпейтін елеулі де асыл мұра қалдырды. «Диуани хикмет» атты өлең тілімен жырлайтын туындысы қанша ғасырлар өтсе де, өзінің өміршең құндылығымен мұсылман әлемінде жарық жұлдыздай ел-жұртқа аумас бағыт беріп келеді. Бұл аты шулы жинақ несімен құнды, оның мәңгілігі неде десек, ең алдымен, оның терең адамгершілікке құрылған дүниәуи мәселелердің сыр-сипатын айқара ашып түсіндіріп, бұл өткінші жалғанда неден үйреніп, неден жиіркену жолдарын көрсету деп жинақтай айтуға болар еді. Ал, тарата бағамдасақ, адам өміріндегі әр алуан қарым-қатынас: мансап пен нәпсі, қорлық, байлық пен кедейлік, әділеттік пен зұлымдық, ынсап пен қанағатшылдық, адамгершілік пен ізгілік, тәубашылдық пен имандылық секілді мәселелердің сыр-сипатын ұғып білу арқылы Алла Тағаланы танудың жолдарын саралау, соған шын көңілден мойынсұну көріністері дер едік. Осы талаптарға орай ғұлама-ақын бұл өмірдің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын (мәңгілігін) өз ара қарапайым тілмен салыстыра отырып, адалдық пен

әділдіктің, мейірімділік пен қайырымдылықтың, тәубаға келу мен кешірімділік, адамгершіліктің имандылыққа бастайтынын бұлтартпас дәлелдер арқылы айғақтайды. Бұларға қарсы жауыздық пен зұлымдық, өтірік-өсек, надандық пен тойымсыздықтың кешірілмес күнә екеніне де зер сала үңіледі. Осы соңғылардан арылу, тазарудың міндет-мақсаттарын ашып пайымдауға да ол үлкен мән береді.

Жас Қожа Ахмет Яссауи қазіргі Шымкент қаласы жанындағы Сайрам елді мекенінде туып, сондағы ауылдық молдадан дәріс алған. Жастық шағы да сонда өткен. Әкесі Ибраһим өз кезеңінің сауатты, көзі ашық білімді, діндар адам болған. Анасы Қарашаш (енді бірде Айша деп те айтылады) елге қадірлі, ақылды да-аяулы адам болған делінеді. Ел-жұрт бұл кісілер дүниеден өткенде, екеуіне де күмбез тұрғызып белгі соққан, осы ескерткіштер әлі күнге дейін Сайрам елді мекенінде сақталған. Аңыз бойынша, жас Қожа Ахмет Яссауи ұстазы Арыстан Бабпен алғаш жолығып, Мұхаммед пайғамбардың өзіне арнаған құрмасын алатын көпір де сол Сайрам елді мекенінде. Алайда Қожа Ахмет Яссауидің Сайрамдағы жастық шағын баяндайтын деректер жоқтың қасы. Десек те Қожа Ахмет Яссауидің жастық шағы мен ата-бабалары туралы қызықты деректері бар бір құнды шежіре кейінгі жылдары табылды. Осы шежіре бойынша басылған «Шажараи-Саодат» атты кітапшада бұрынғы біз жариялаған «Насаб-намедегі» секілді Қожа Ахмет Яссауидің әкесі Ибраһим атаның арғы бабалары Мұхаммед пайғамбардың інісі әрі күйеу баласы Әзіреті Әлидің Мұхаммед Ханафия атты ұлынан тарайтыны айтылады. Бұл аталған шежіре 90-жылдардың бас кезінде Сайрам қаласындағы ескі, бұзылған үйдің қабырға жапсарынан табылған. Тапқан Сайрамдық Саидикрам Саидақбаров деген кісі. Кейін бұл алты метрлік Қытай қағазына жазылған қолжазба Шымкент қаласында жеке кітапша болып басылды. Мұнда Қожа Ахмет Яссауидің жастық шағы мен алғашқы оқыған ұстазы жөнінде бұрын ешбір деректе ұшыраспаған тың мәліметтер келтірілген.

## Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы

Иасауи дүниетанымының негізінде сопылық жатыр. Сопылық –басқа танымдардан ерекше исламдық дүниетаным формасы. Осындай мәнге толы, терең сырлы құбылыс туралы зерттеулер, рухани тәжірибелер жазылды, жазылып та жатыр. Дегенмен сопылық жолдың белді тұлғасы Иасауи мәдениетін, жолын, ілімін тану әлі күнге дейін бір ізге түспеген өзекті мәселе болып отыр.

Иасауи дүниетанымы өз алдына танылмаған ғарыш. Оның мирасы да өз алдына бір ғарыштық мәтін. Сондықтан бүгін оқушы мен мәтін арасындағы қатынастың көпқырлылығы мен қиындықтарына тоқталғанды жөн санаймыз. Сопылық танымды, Иасауиді осы саланың маманы басқаша ал, маман еместер басқаша қабылдап таниды. Мамандар сопылардың еңбектерінен пайдалана алады, ал маман еместер сопылық туралы еңбектерді жете түсіне алмайды. Мұның өзіндік себептері бар. Ең басты себеп, құдайлық таным мен адамдық таным арасындағы қатынас мәселесінде жатыр. Құдайлық танымның объектісі – мәтін, Құран Алланың сөзі. Мәтін мен “Иасауидің” ішкі тәжірибесі немесе

ойлау жүйесі арасындағы ең үлкен қиындықтардың біріншісі, шектеулі сөздер феномендерінің “шексіз рухани ақиқаттарды” жеткізу тұрғысынан жеткіліксіз қалуы. Яғни, сөз арқылы сопылық ақиқатты жеткізу шектеулі, әрі қиын. Сопылықта сөз екінші орында, бірінші кезекте хәл тұрады. Яғни, сөз деп отырғанымыз «қал» болса, рухани тәжірибеміз «хәл» болады. Шексіз болмысты, адамның «шектеулі мүмкіндігі» қай дәрежеде қамти алады? Қай деңгейде түсіне алады? Міне осы тұрғыдан суфи, әулие Иасауи шетсіз, шексіз рухани ішкі әлеміндегі тәжірибелерін қаншалықты сөз арқылы түсіндіре алды. Бұл мәселенің бірінші қыры. Хәл –шексіздік әлемімен бірге болған рухтың шексіз амалы, жемісі. Олай болса, тіл арқылы оны қалай жеткізуге болады? Хз.Мәулана Жалаледдин Румидің, “ғашықтық деген не?”– деп сұрағандарға, “Мен сияқты бол, сосын өзің көр” деп жауап беруінің өзі, хәлді сөз (қал) арқылы толық түсіндіріп, танытудың мүмкін еместігіне меңзейді. Бұл жерде орайы келіп тұрған екінші мәселеге келейік. Оқушы Иасауидің шығармасын оқиды. Ол білімі мен танымы негізінде Иасауидің мәтінінен өзінше түсінік алады. Осы мәтін – оқушы мен Иасауи арасындағы ойдың немесе рухани тәжірибенің берілуіндегі ортақ дүние. Осы мәтіндегі сопылық ақиқаттарды Иасауидің қай дәрежеде қаншалықты жеткізгендігі бір мәселе болса, оқушы мәтінді оқып, түсінуде Иасауидің ойымен үндесе ала ма, ал бұл мәселенің екінші қыры. Мәтінді жазған адам мен оқушы арасындағы таным мен түсінік айырмашылығын және ортақтығын анықтау герменевтиканың, яғни, эмпатиялық түсіндірудің басты шарты. Иасауиді түсіну үшін оның шығармаларын оқу жеткіліксіз. Алдымен Иасауи кім, қайдан қайда келді, оның ішкі әлемі, өскен ортасы, сенімі, ойлау жүйесі, өмірге деген көзқарасы, танымы мен болмысының мәні, міне осыларды тануға тырысуымыз керек. Сосын барып оның өмір сүру формасы, танымының қайнар көзі және олардың табиғаты жеке-жеке зерттелуі тиіс. Оның туылуы, балалық шағы, отбасы, алған білімі, көрген тәлімі, Арыстан бабқа шәкірт болуы, Исфиджабта дәріс алуы, Хамадания сияқты пірге қол беруі, Халлаж Мансұр, Қызыр сияқты хәл ілімі, хикмет тағылым шынжырларын, Нур-и Мухаммед әсерін, Иасауиге өз жолы мен мектебін қалыптастыруға негіз болған қандай факторлар бар түгел қамтылуы керек. Түркістандағы өмірі, тарихы, орны мен қызметі, Қарахан, Селжұқ, Хорезмшах мемлекеттерімен байланысы, Саур халқымен қатынасы, шеккен азабы, бала-шағасы, үйленуі, дін таратудағы күресі, түріктерді иманға, исламға шақырудағы методтымен жан-жақты танысу қажет. Міне осы сатыдан кейін барып, оның шығармасын оқуға кірісуге болады. Иасауидің алғашқы жылдары жазған шығармаларынан бастап өмірінің соңғы жылдары жазғандарына қарай реттеп, хронологиялық тұрғыдан жүйелейміз. Адамды біртұтас ғарыш ретінде қабылдап, шығармаларын да тұтас түсінуге, тануға ұмтыламыз. Сонымен Иасауидің шығармаларын тұжырымдап, түсіне оқи алатын сатыға көтерілеміз. Яғни, оның дүниетанымдық негіздерін танып білсек, шығармаларын түсіну оңайға соғады. Бірақ, түсіну мен сезіну екі бөлек нәрсе,

сондықтан әлі де Иасауиді түсінуіміз толыққан жоқ. Себебі, Иасауиді түсіну үшін Иасауидің орнына өзіңді қойып, сол сияқты бола білу керек. Бұл мүмкін бе? Жоқ. Өйткені әулие болсын, атеист болсын, бәрібір адамды түсіну, тану шексіздікпен байланысты. Онда Алладан келген сыр бар. Міне, осы орайда суфизмге, Иасауиге қатысты кейбір зерттеушілердің тұжырымы сын көтермейді. Иасауи ілімінің мәніне жету үшін бірінші мәселе ретінде терминология тұр. Терминология мәселесін шешу үшін алдымен сопылықты зерттейтін мамандар қажет. Өйткені, сопылық – сыр ілімі. Әрбір сопылық жолындағылар өзара арнайы тіл қалыптастырған, нәтижеде сопылық терминология пайда болды. Тек қана сопылық емес, барлық ғылым саласының өз терминологиясы бар. Егер ғылымның сол саласының терминін білмейтін болсаңыз, ғылым жасай алмайсыз, тұжырым, сараптама жасау мүмкін емес. Бұл жерде тіл мәселесі кесе-көлденең алдымызға шығады. Иасауиді түсіну үшін сопыша тіл білу керек. Егер заңгер болмасаңыз, құқық кітабын, экономист болмасаңыз экономика кітаптарын жеткілікті дәрежеде түсіну қиынға соғатын болса, сопыларды түсіну одан да қиын. Мысалы, болмыстың бірлігі доктринасы сопылықта өте нәзік сыр мен ойдың жемісі. Теологиялық білім алса да, сопылықтан хабарсыз адамның өзі түсіне бермейтін, батыл айтар болсақ, түсінбейтін мазмұны күрделі, мәні терең, әрі қиын доктриналық сипаттағы тұжырымдама. Ислам теологиясының ішіндегі өзара жақын тафсир, кәлам, хадис, фикх сияқты ғылым салаларында да терминдер ұқсас болғанмен мазмұны әр түрлі болуы ықтимал. Таратып айтар болсақ, кәламға тафсир терминологиясы тұрғысынан қарасаңыз қате сараптама мен тұжырымдарға душар боласыз. Сол сияқты кәлам маманы фикх саласына өзінің терминологиясы тұрғысынан қараса, тағы үлкен проблема туындайды. Ислам діни ғылымдары саласындағы кез келген маман, сопылықтың терминологиясын меңгермей тұрып зерттеуге кірісетін болса, түсіндіру былай тұрсын, өзінің түсінуі қиынға соғады. Сонымен қатар сопылықтағы суфи бір ұғымды келесі суфидің түсінігінен басқаша қабылдайтындығы да шындық. Әрбір тариқаттың өзіндік терминологиялық қазынасы бар. Бұл жағдай хадисшілер, философтар үшін де ортақ мәселе. Бұған қоса, қолданылған терминдердің уақыт өте келе мағына жағынан ұлғайып немесе тарылуы тағы бар. Мысалы, “фана” ұғымын, алғашқы суфилердің қабылдауы мен кейінгілерінің қабылдауы арасында үлкен айырмашылық бар. Ибн Араби мен Имам Ғазалидің терминологиясы арасында айырмашылықтар бар. Бұларды сопылықтағы ұғымдардың ортақтығы немесе бірізділіктің жоқтығы деп қарауға болмайды. Керісінше сопылық ілімнің табиғатына сай, ол мәдениеттің байлығын, тереңдігін көрсетеді.

Сонымен болмыстың бірлігі доктринасын жақсы танып, білу үшін Құран, тафсир, хадис, фикх, психология, тарих, суфизм тарихы, суфизм философиясы, ислам философиясы, дін философиясы және кәлам сияқты саланы жақсы меңгерумен қатар болмыстың бірлігі хәлінің сыры мен мәнін субъективті

тұрғыдан бойыңнан өткеріп көріп, дәмін тату керек. Міне, осындай мәселенің өзі, мұсылман ғалымдарының түсінуі қиын, оның терең мәнді ұғымдардың көрсеткен мағыналардан туындаған мәселелер бұл уахдат-ул вужудтың танылуын қиындатады.

Болмыстың бірлігі мәселесін философтар ой-теория тұрғысынан қараса, суфилер тату (зауқ) рухында сомдау арқылы қорытады. Мәселе біреу, қорытынды, тұжырымға келуде екі түрлі әдіс, екі түрлі сараптау мен қалыптар пайда болады. Философтар мен суфилердің сөйлемдерінде, терминдерінде айырмашылық көзге түседі.

Болмыстың бірлігі мәселесі бойынша ой қорытудың екі жолы бар: біріншісі – терең ой және теория, екіншісі – тамашалау (шухуд) және тату (зауқ). Терең ой мен теория барлық ойшылдарға ашық. Ал шухуд пен зауқ яғни, суфилердің жолы, әдісі жағынан мағрифат мәртебелерінен асып, құдайлық сый – құтты иелену бақытына жеткендерге тән. Бұл жерде, кез келген адам ғашық пен ғашықтықтың хәлінен сөз ете алады, бірақ, ғашықтықтың дәмін тек ғашық болған ғана біледі. Философ теориялық тұрғыдан ақиқаттың атауын, атын көрсетсе, суфи ақиқаттың өзін көрсетеді. Мысалы ақиқатты су дейік. Философ та су, суфи де су дейді. Философтікі бұлақ суы, суфидікі теңіз суы. Екі судан екі ыдысқа су құйып қатар қойса, сырттай қарағандар ешқандай айырмашылық көрмейді. Ал ішкендер ғана айырмасын дәміне қарай ажыратады.

Болмыстағы уақыт пен кеңістіктен тыс бірлікті, философтар да суфилер де дөп басқан. Бірақ, бұл екі білу арасында айырмашылық бар. Мәселе онтологиялық, яғни, бір мәселеде екі түрлі таным бар. Бұл табиғи нәрсе. Болмыстағы бірлікті философ, барлық құбылыстарды “тоқтатып”, “уақыт пен кеңістікті” қақтап, ақыл арқылы зерттесе, суфилер, уақыт пен кеңістіктің арғы жағындағы онтологиялық бірлік мәселесіне ақылдан тыс жүрекпен (қалб) сезу жолы арқылы, экзистенцияға қосылып, болмысты тоқтатпай, уақыт пен кеңістікті бөлшектемей, біртұтас күйінде рухын сомдап, дәмін татып көру арқылы ұласады. Философтар ақиқатты шектеулі ақылмен қамтығысы келеді. Бұл мүмкін емес. Сопылық халдер – бір адамға тән субъективті. Яғни, хәл – тату арқылы алынған танымның тілмен нақтылануы қиын мәселе. Екінші бір адам оның хәлін өз рухынан өткізбейінше түсіне алмайды. Сондықтан сопылар хәл ілімін “татпаған білмейді” дейді. Имам Раббанидің айтқанындай, мұндай мистикалық танымда жаңылысу мүмкін, бұл қате тек сол суфиге ғана тән. Хәлдің Құран мен хадистер арқылы нақтылануы, тұрақталуы тиіс. Сол сияқты Иасауидің бір сөзінің қай мағынаға келетіндігін білу үшін оның рухани тәжірибесін ғибадат, риязат, мужахада жасау керек. Сопыларды түсіну қиын, түсіндім дегендер өзінің ислами танымына симаса оларға күпірлік үкімін беруі мүмкін

. Қожа Ахмет Ясауи "Ақыл кітабы"

Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» еңбегі және оның мазмұн-мағынасы, түркі халықтарына соның ішінде қазақ халқына оның ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты тұстары туралы көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің бүгінге дейін жинақталған толайым деректер базасы бар. Біз олардың бәріне тоқталып жатпастан, аталған еңбектің қазақ тіліне аударылу жағдайы, олардың ерекшеліктері жайында тоқталатын боламыз.

Осы ретте, «Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» және басқа да еңбектері қазақ даласына қашаннан бері қаншалықты деңгейде танымалдыққа ие болып келді? Күні бүгінге дейін «Диуани Хикметті» кімдер тәржімалады?» деген сұрақтар төңірегінде біраз мәліметтерге тоқталуды жөн көрдік.

Адамзат қоғамы өзінің сан мың жылдық даму кезеңдері барысында жаңа рухани биіктерді бағындырып отырды. Сонымен қатар тарихи, геосаяси, климаттық және т.б. факторларға байланысты қол жеткізген рухани биіктігінде тоқыраулар мен күйзелістердің де жиі орын алып отырғаны белгілі.

Ұлы Дала төсіндегі түркі халықтары өмірінде ҮІІ ғасырдан бастап Ислам дінінің маңызды факторға айналды. Тарихтан белгілі, 961 жылы Қарахан мемлекетінде ислам мемлекеттік дін деп жарияланғаннан бастап, бұл үрдіс тіпті қарқын алғаны белгілі. Ежелден бір құдайлықты қолай көрген тәңіршіл түркілердің ендігі өмір сүру салты исламмен тығыз байланыста болғанымен, жалпы ислам, соның ішінде Орта Азиядағы түркілік ислам ХІІ-ХІІІ ғасырларда рухани тоқырауды бастан кешірді. Бұл ислам дінінің өз ішіндегі консервативті бағыттардың күш алуы мен Ислам әлеміне Батыс пен Шығыстан қатар жасалған шапқыншылықтарына байланысты еді. Осы кезең туралы Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінде біршама айтылады. Соның бірі мынау:

Ораза, намаз, иман, ислам қолдан кетті.

«Күннен күн бетер» деген хадис жетті.

Пайғамбар айтқандарды келіп жетті,

Бұл дүниені қараңғылық басты достар.

Дінсіз, ұстаздарға еш қауіп жоқ.

Дүние малын жиып, еш тояры жоқ.

Ұшып, қонып, өлімнен еш хабары жоқ.

Ол жанның діні дүние болды көргін [1].

Бұл ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағындағы»:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты [2], -



дейтін халмен ұқсас кезең еді. Қоғам өміріндегі осындай тығырықтан шығаратын жолды тауып, халықты жарқын жолға бастайтын, өз дәуірінің феномені туып шығатыны сөзсіз болса, түркі әлеміндегі осындай тұлғаның бірі де бірегейі Қожа Ахмет Яссауи болды.

Қожа Ахмет Яссауиді «мұндай тұлғаның бірі» деп алып отыруымыздың өзіндік мәні бар екені белгілі. Кез келген халықтың рухани-мәдени болмысын сақтауға деген құлшынысы, өзге мәдениеттің екпінді экспансиясына қарсы күресі үнемі жүріліп отыратын құбылыс десек, XII ғасырда діни дәстүр ұстанымы, мемлекеттік басқаруда араб-парсылық ықпалдың тым артып кетуі түркі әлемінде осыған қарсылық тууына әкеліп соқты. Тарихи дәуір толқынының қайталанатын ескерсек, мұны Патшалық Ресей мен Кеңес Одағы тұсындағы Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі әлемінің мәдени-рухани ахуалымен егіздей салыстыра аламыз. Сонау ұлы бабалар Махмұд Қашғари, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Яссауи және басқа ғұламалардың аса үлкен қажыр-қайраты арқасында біртіндеп қолданыстан қалуға айналған түркі тілі мен әдебиеті, дәстүрлі діни қуаттанып, ренессанс дәуірін бастан кешіргені, сол қуатты екпіннің күні бүгінге дейін азық болып отырғаны айқын. Бұл жөнінде Қожа Ахмет Яссауи былай деп жырлайды: (Әбибулла Мұхамеджанов аудармасы):

Қоштамайды ғалымдар, сіздің айтқан түркінді,

Даналарды тыңласаң, ашар көңіл мүлкінді.

Аят-хадис мағынасы, түркі болса, сайма-сай,

Мағынасына жеткендер, жерге қояр бөркінді.

Қазы мүфті, молдалар, шарифатқа жолбасшы,

Нағыз ғашық алып-дүр, тарихаттың әркіні...

... Қожамын деп лепірме, өшбу дүние би паян,

Білемін деп айтпас сен, көңілдегі шәркіні.

Раһнама дүр, Қожа Ахмет, гүлстан дүр мағрифат,

Сөйлер сөзі ақиқат, ашар көңіл құлпыңды.

Міскін зағип Қожа Ахмет, жеті атаңа рахмет,

Парсы тілін білемін, құп көремін Түркімді! [3]

Осы бір жолдардан біз Қожа Ахмет Яссауидің түркі тіліне деген зор махаббатын анық танимыз. Түркі тілін ұмыттырмай ұрпағына аманаттаған жеті атасына рақмет айтуы осыны меңзейді. «Парсы тілін білемін, құп көремін Түркімді!» деген жолдағы айтылар ой XX ғасырдағы қазақтың дана ақыны Қадыр Мырза Әлінің «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дейтін афоризмге айналып кеткен ойымен үндесіп жатыр. Ал XXI ғасырдағы қазақ ақыны Алмас Темірбай бұл ойды «Өз тіліңді бәрің біл, Өзге тілді құрметте!» деген уәжбен байытқан болатын.

Демек, түркі халықтарының (қазақ деп ұғуға болады) өзіндік дәстүрлі салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін

қалаған Қожа Ахмет Ясауи өз ішінен толып жатқан тармақтарға бөлінетін сопылық ағымның түркілік дәстүрін қалыптастырды деуге болады.

«Ислам дінін тану, ұстану тек араб тілі мен дәстүрі арқылы ғана жүзеге асуы тиіс» деген ұғымға соққы беріп, түркі-шағатай тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне жаңа тыныс берген Қожа Ахмет Яссауидің бұл өнегелі жолының көрінісін ХІХ ғасырдағы Шағабуддин Маржани, ХХ ғасырдағы Исмаил Ғаспыралылардың іс-қызметінен аңғаруға болады. Түркі халықтарының ежелден келе жатқан ауыз әдебиеті дәстүріне негіздей, шығыстық, түркілік өлең формаларының мүмкіндігін пайдалана отырып, Қожа Ахмет Яссауи негізінен трактаттар түрінде жеткізілуге бейім исламдық ұғымдар мен қағидаларды поэзия тілімен баяндау үрдісін қалыптастыруы түркі халықтарының мұсылманшылықты етене қабылдауына барынша игі әсер еткені анық.

Қазақ даласына сонау орта ғасырлардан бері мәшһүр болған «Диуани хикметтің» түпнұсқасы әлі күнге табылмағандығын ескерсек, ғасырлар жүзіндегі аталған еңбек фольклорлық туынды сипатына бойына сіңіргенін байқаймыз. Көкшетаудан табылған кітапты қарастыру барысында қолымыздағы өзге басылымдардан біршама өзгешелікте болуын біз осымен түсіндіреміз.

Жалпы алғанда «Диуани хикметтің» қазақ тіліне аудару Стамбұл, Ташкент, Қазан, Тегеран нұсқалары арқылы жүзеге асырылып отырғанын атап өткен жөн. Осылардың ішіндегі ең толығы – 149 хикметтен тұратын Қазан басылымы.

Ал қазақ тіліне аударушылардың қатарында кәсіби әдебиеттанушылар, тілшілер, діни ғұламалар, ақындар мен жазушылар бар.

Олардың қатарында Асқар Токмағамбетов, Әбраш Жәмішев, Мұхамедрахым Жармұхамедов, Есембай Дүйсенбаев, Әбубулла Мұхамеджанов, Мақсұт Шафиғи, Ғалия Қамбарбекқызы, Сәрсенбі Дәуітұлы, Светқали Нұржанов, Қуанышбек Қари, және т.б. Бұл тәржімашылардың қатарына Көкшетау нұсқасын аударған ғалым Иманғазы Нұрахметті де қосамыз.

Әр дәуірдің өзіндік ауанына байланысты, аудармалардың да сапалық деңгейі әр түрлі болуы себебі турасындағы жазушы Сейфолла Оспановтың Жарасқан Әбдірашев пен Есенбай Дүйсенбаев аудармалары жөніндегі мына бір пікіріне көңіл бөлейік: «Бұл екеуінің де нұсқалары бүгінгі күн талабының биік үдесінен көрінетін, шашасына шаң жұқтырмастай болып мінсіз шыққан. Бұл екеуінің де нұсқалары бүгінгі күн талабының биік үдесінен көрінетін, шашасына шаң жұқтырмастай болып мінсіз шыққан. Бірақ кейбір әңгіме-жарлардың сол құйма құлақ дана қарттардың аузынан естілгендей болып әсерлі шықпағаны байқалады. Бірақ аударманың бұл кемшін тұстары жырды оқығанда аса аңғарылмай, оның орны әсем әрге ие болып, өзгеше күйде өз әлеміне мойындырары анық» [3, 8].

Біз мақаламызда «ананың аудармасы жақсы, мынаның аудармасы оған қарағанда нашар, солғындау» деп баға беруді мақсат тұтқан жоқпыз және ол адами әдепке де жатпайтыны анық. Әрі аударма ісінің, соның ішінде сан ғасырлар бұрын жазылған, өз дәуірінің тілдік-танымдық сипатын бойына сақтаған көне жазбаларды аударудың қаншалықты қиын екенін «Көкшетау нұсқасы» аудармашысының мына сөздерінен байқауға болады: Хикметтерді аударуда көркем аударма жасамай, ғылыми аударма жасауға тырыстым. Себебі ортағасырлық поэзияның өзіне тән поэтикасының бұзылмауын басты назарда ұстадым. Бүгінгі Қожа Ахмет Ясауи оқырманның ұғымына шақтап мүлде көркем аударма

жасалса хикметтердің поэтикасын сақтау қиын. Мысалы, Өзіреті Өліге байланысты айтылатын:

Қолындағы жарағы зұлбұқары,

Шабысқанда ұзарар қырық қары, –

деген жолдар бар. Осы тұрған бетінде «қары» дегеннен басқа түсініксіз бір сөз жоқ. Бұрынғы аудармаларда «қырық қары» деген сөзді «қырық қыры» деп аударылған екен, бұл дұрыс емес деп ойлаймын. Қылышта қырық қыр болмайтыны өзінен-өзі түсінікті жай. Қар – қазақтың ұзындық өлшемі. Бір қар – жарты құлашқа тең. Ауызекі тілде, өлең жолдарында бір құлашты бір қар деп айта береді. Бұл жерде де бір құлаш деген мағынада берілген» [4].

Жалпы аударма жасауды – терең білімді, біліктілікті, ой ұшқырлығын, сонымен қоса идеялық бойұсынушылықты талап ететін өте нәзік шығармашылық өнер деп атаған болар едік. Осы тұрғыда америкалық лингвист Дж. Касагранденің аударманы жалпы сипатына қарай 4 түрге бөлгеніне назар аударайық: «1. Прагматикалық аударма. Мұнда хабарламаны барынша дәл жеткізу көзделеді. 2. Эстетикалық-поэтикалық аударма. Әдеби немесе эстетикалық тұрпатты жеткізеді. 3. Этнографиялық аударма – түпнұсқаның мәдени контекстін түсіндіреді. 4. Лингвистикалық аударма. Бұл жерде түпнұсқа морфемаларының мағыналары көрсетіледі» [5]. Дегенмен, «Диуани хикметті» аудару барысында жоғарыда аталған сипаттың төртеуі бірдей қатысу мүмкіндігі барын біз жоққа шығара алмаймыз.

«Диуани хикметтің» біздің қолымыздағы сапалы аудармалардың бірі – әйгілі ақын Күдеріқожаның ұрпағы, белгілі драматург-жазушы Қалтай Мұхамеджановтың ағасы Әбибулла Мұхамеджановтың тәржімасы. Әбибулла Мұхамеджанов кезінде Қожа Ахмет Яссауи еңбегін төрт рет аударған екен. Жоғарыда түркі тіл туралы хикметтің Әбибулла Мұхамеджанов аудармасы берілген болатын. Біз мағыналық өзгешелік пен сәйкестік тұрғысында түркістандық нұсқа мен көкшетаулық нұсқаны да беріп отырымыз. Түркістандық нұсқада:

Қоштамайды ғалымдар біздің айтқан түркіні,

Арифтардан есітсең ашар көңіл мүлкіні.

Аят, хадис мағынасы түркі болса лайық,

Мағынасына жеткендер, жерге қояр бөрігін [1, 25], -

деп берілсе, Көкшетау нұсқасында аталған шумақтың мынадай түрде, азғана айырмашылықта берілгенін көреміз:

Қостамайды ғалымдар, біздің айтқан түркіні,

Ариф [1] ғашық естісе ашар көңіл мүлкіні,

Аят, хадис мәнісге түркі болса муапық [2],

Мағынасына жеткендер жерге қояр бөріні [2,35].

Иманғазы Нұрахметұлының өз аудармасындағы әрбір түсініксіз сөздерді жақшаға ала отырып, хикемттердің соңында түсініктемесін беріп отыруы – тәржімашының ұтымды қыры деуге болады. Біз мысалға алып отырған шумақтағы ариф – «кешірек оянған, кеш көзі ашылған адам», муапық – «лайық» деген мағынаны беретін сөздер екендігін көреміз.

Бірнеше нұсқаларды мазмұндық тұрғыда салыстырып қарау барысында хикемттердің жалпы мазмұндық-құрылымдық көпнұсқалығы аңғарылғанымен, идеялық қазығы өзгермейтінін көреміз. Мысал үшін «Әнтәл-Һәди» хикметін алайық. Көкшетау нұсқасында былайша аударылған:

Құлһу Алла, сұбһан Алла – дін қамшысы,

Ораза, намаз тәспих таһил әм елшісі.

Пірмұған шәкірттердің жолбасшысы,

Құлым деп жолға салғын, «Әнтәл-Һәди», -

десе, Әбибулла Мұхамеджанов аудармасында:

Құлһу Алла, Сұбхан Алла, дін қамшысы,

Рауз-Махшар тәсбих, тәхлил Хақ елшісі,

Кәміл пірім тәлибтердің жолбасшысы,

Қолым тұтып, жолға салғыл, Әнтәһәди[3, 122], -

дейді. Екі аударма да көңілге қонымды шыққан. Мұндағы Пірмұған – «жол көрсетуші кәміл ұстаз» деген мағынаны беретін сөз екенін, тәліб пен шәкірттің діни иерархиялық тұрғыда задап айырмашылыққа ие екендігін, «пірге қол беру» – сопылықтың бір шарты екенін ескерсек, Әбибулла Мұхамеджанов аудармасы – этнографиялық аударма категориясына сәйкес келетінін аңдаймыз.

Сондай-ақ академик Мұхтар Әуезовтің аударма теориясы жайлы мына бір пікірін де ескерген жөн: «Бірінші – сөзбе-сөздік, әріпқойлыққа негізделген аударма. Екінші – еркін аударма, аудармашының әңгімелеп отырғанына өте ұқсас келеді. Соңғысы аударманың өте қонымды ғылыми дәлелденген түрі – шығарманың мазмұнын да, формасын да толығырақ беретін ғылыми дәл, балама аударма» [6]. Осы тұрғыдан алғанда белгілі ақын, Светқали Нұржановтың хикемттік аудармаларын еркін аударма, сонымен қоса этнографиялық сипатты аударма деуге болады.

Мысалға, жоғарыдағы келтіріліген шумақтың аудармасы алынды:

«Құл һу Алла» Сұбхан сөзі – қамшы-дағы,

Ораза, намаз, тәхлил, тәсбих – жаршылары.

Пірмұғандар тәліптердің шамшырағы,

Жетегіне ал, жолына сал, Әнтәл Һәди.

Біз осы тұста «Диуани хикметті» аударудағы аса үлкен жауапкершілік жөніндегі ақын, аудармашы Светқали Нұржановтың пікірін қоса беруді жөн көрдік.

Менің әрбір хикметім – зор ғалам,

Арманда өлер естімеген, сорлаған.

Хикметтерім – хадистің кен-мазмұны,

Ұқпағандар – адамзаттың азғыны.

Хикметтерім – келген пәрмен Сұбханнан,

Бар мағынасы Құран оның, ұқ қарғам!» [6], -

деген Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерді жазудың мәні мен маңызын түсіндірер шумағын келтіре отырып, тәржімашы былай дейді: «Қаншама ақындар хикметтерді тәржімалағанымен түпнұсқаға жетпей жататындығының басты себебі осында жатыр. Соған қарамастан хикметтерді аударуға ұмтылушы қаламгерлер жоқ емес. Бұл, әрине, құптарлық мәселе. Десек те мұның асқан жауапкершілікті, терең білімділікті, жан-жақты зерттеуді талап ететін дүние екендігін бір сәтте естен шықпауы қажет. Ясауи (р.ғ.) бабамыздың қолда бар хикметтерінің бәрін аз уақыттың ішінде бірден аударып бастыра салу бұл мәселеге атүсті қарағандық болар еді» [6, 5].

«Жақсы аударылған көркем аударма – сол тілдегі төл шығармалармен бірге өсіп, жымы білінбей біте қайнап сабақтасып кетеді. Ел мен елді таныстырады, жақындастырады, ұлттық мәдениетті байытады. Мұнда автор мен аудармашы өнер жарысына түседі, тіл мен тіл жарысқа түседі. Бұл – ел мен елдің өнер жарысы. Демек, аударма шығармалар ұлттың ұлылығын, елінің елдігін дәлелдеудің бір жолы» [8], - деген пікірге саятын болсақ, Светқали ақынның аудармасындағы хикметтердің таным-түсінігімізге тым етенелігі аудармашының шеберлігі мен ақындық әлеуетін, сонымен бірге яссауилік ілімнің нәзік иірімдерін түйсіне, бойлай алғандығымен түсіндіруге болатын сияқты.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. –Түркістан: Тұран, 2010. 39 б.

2 М. Дулатов Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.- 384 б

3 Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007

4 Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет (Көкшетау нұсқасы). – Астана: Фолиант, 2016

5 А.Қ. Жұмабекова Аударматанудың негіздері: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: 2012. – 296 б. 113-б

6 Көркем аударманың кейбір мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Қазмем-көркемәдеббас, 1957.

7 Қырық хикмет / құраст: С.Нұржан. – Алматы: Эффект, 2013 – 88 б.

8 Г. Сабурова. Аударма да рухани байлық // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2000. – №5. 40-б.

9 А. Құнанбаев, Қалың елім, қазағым, 153-бет. «Атамұра», 2002 ж

10 Д.Кенжетай. Иасауи хикметтерінің мәні. – Көкшетау. Қожа Ахмет Яссауи. Конференция материалдары, 2016 ж.

11. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, akorda.kz, 2012 ж